

2025-2026 оқу жылының үйірме жұмыстары бойынша анықтама

Негіз: Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің 2025-2026 оқу-тәрбие жоспарына сәйкес.

Тексеру қорытындысы:

2025 жылғы қыркүйектен бастап үйірме жұмыстарының сағаттары төмендегі ретпен берілді.

Тәрбие негізін қалайтын, оқушылардың білімін кеңейтіп, өз қабілетін танып білуге үлес қосатын оқытудың түрі – мектепшілік, мектептен тыс үйірме жұмыстары. Мектепшілік, мектептен тыс оқыту мұғалімнің ұйымдастыру шеберлігімен іске асады. Сонымен қатар мектепшілік, мектептен тыс оқыту әртүрлі жұмыстар арқылы жүзеге асады. Сол жұмыстар арқылы оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға, өз қабілетін танып білуге, қосымша жұмыс жасауға үйретіп, дүниетанымын кеңейтеді.

Үйірме жұмысы жүйелі түрде өнер, әдебиет, поэзия саласынан танымдық белсенділіктерін арттыруға және эстетикалық сапаларын оятып, көркем өнерден талғамдарын дамытуға бағытталуы тиіс.

Үйірме жұмыстың мақсаты: Оқушылардың сыныптан тыс уақытта әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып шығармашылық ізденістерін өзіндік қабілеттілігін арттыру барысында бәсекелестік қабілеттілігін дамыту.

Үйірме жұмыстың міндеті: Оқушының азаматтық сезімін, Отан сүйгіштігін; Отанына халқына, мақтаныш сезімін әр түрлі халықтың мәдениетін қастерлей білуге адамгершілікке тәрбиелеу, денешынықтыру мен спортқа керекті тазалық пен физиология ілімдерінен білімдер ету.

Биылғы оқу жылында **мектепшілік үйірме** саны-53,771 оқушы, ол 78 пайызды құрайды. Бағыттары: қоғамдық/гуманитария-5; декоративті/қолданбалы-5; жаратылыстану/математикалық-7; техникалық-4; туристік/өлкетану-3; көркем/эстетикалық-5; экологиялық-4; тілдік-5; басқа-15;

Спорт секциялары: Волейбол-3(ұлдар-1, қыздар-2), баскетбол-1(ұлдар), гандбол-1(қыздар); футбол-3(үлкен, орта, кіші), шахмат-1, тоғызқұмалақ-1, бес асық, асық ату-2, мерген-1; теннис-2, жеңіл атлетика-1. Жалпы 615 оқушы, пайызы-62.

Қорытынды:

1. Үйірме, клуб және секциялар 5 қыркүйек күнінен бастап бекітілген жауапты жетекші – мұғалім мен оқушылар тізімі, құрылған күн тәртібі мен жоспар бойынша жұмыс жасасын.
2. Үйірме журналдары толтырылсын.
3. Үйірме, клуб және секциялар белгіленген уақытпен басталып және аяқталуы күнделікті кезекші әкімшілік тарапынан қадағаланын.
4. Санитарлы-гигиеналық нормаларына сай кабинетті желдету және тазарту жұмыстарын үнемі өткізу.
5. Уақытында үйге қайтару.

ТЖЖДО



У.С.Исағалиева

**Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының
жүргізілу деңгейі бойынша анықтама. (казан)
(2025-2026 оқу жылы)**

Ж.Тәшенев ЖОББМ-де оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорт секциялары мен үйірме жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылған. Қазіргі таңда мектепте төмендегі спорт секциялары мен үйірмелер жұмыс істейді. Спорт секциялары: Волейбол-3(ұлдар, қыздар, кіші қыздар), баскетбол-1(ұлдар), гандбол-1, футбол-3(үлкен, орта, кіші), шахмат-1, дойбы-1; тоғызқұмалақ-1, бес асық, асық ату-2, мерген-1; теннис-2, жеңіл атлетика-1. шаңғы-1; Жалпы: 18 спорттық үйірме, 615 оқушы, пайызы-62. Ал, мектепішілік үйірме саны-53, 771 оқушы, ол 78 пайызды құрайды. Бағыттары: қоғамдық/гуманитария-5; декоративті/колданбалы-5; жаратылыстану/математикалық-7; техникалық-4; туристік/өлкетану-3; көркем/эстетикалық-5; экологиялық-4; тілдік-5; басқа-15; Сабактар бекітілген кесте бойынша өткізіледі, қатысушылардың келу журналы мен есептері жүргізіліп отырады. Үйірмелер мен секциялар жұмысы оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға, ұжымдық рух пен салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етуде. Тәрбие процесін ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының алатын орны ерекше. Оқушыларды өнерге, мәдениетке құштарлығын дамыту мен тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру. Оқушылардың өз білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік. Үйірме үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы іс-шараларды ұйымдастырумен, көрсетіп тұрған өмірмен, өндіріспен байланысты болса нәтижелі болады.

Қорытынды:

1. Білім алушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру.
2. Барлық сынып жетекшілер оқушылардың бос уақыты бойынша жұмысты күшейту.
3. Үйірме журналдары «Күнделік» ҚББ толтырылсын.
4. Үйірме, клуб және секциялар белгіленген уақытпен басталып және аяқталуы күнделікті кезекші әкімшілік тарапынан қадағалансын.
5. Санитарлы-гигиеналық нормаларына сай кабинетті желдету және тазарту жұмыстарын үнемі өткізу.
6. Үйірме уақытында қауіпсіздік ережелер сақталып, оқушыларды уақытында үйге қайтару.

ТЖЖДО  У.С.Исағалиева